

Менингококқа қарсы вакцина (В жәнеот А, С, W-135, Ү серотиптеріне қарсы бөлек)

Кімге және қайда істеу керек



[Қазақстанның Ұлттық екпелер](#) күнтізбесіне туберкулез, көкжөтел, дифтерия, сіреспе, В гепатиті, полиомиелит, b типті гемофилдік инфекция, пневмококк инфекциясы, қызылша, қызамық және паротит сияқты 11 қауіпті инфекциядан қорғайтын 8 вакцина енгізілген.

А гепатитіне қарсы тоғызыншы вакцина жергілікті бюджет есебінен сатып алынады, оны екі жасқа толған балалар тегін ала алады.

Сонымен қатар Қазақстанда ауыр асқынуларға апаратын басқа да инфекцияларға қарсы вакциналар тіркелген. Бірқатар вакциналарды қазақстандықтарға эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша алуға кеңес берілуі мүмкін. Осы тарауда біз барлық осындай вакциналар туралы ақпаратты жинастырдық.



Инфекциядан қорғайтын, вакцинасы



Менингококк инфекциясы — бұл менингококк бактериясынан туындаған өткір жұқпалы ауру. Менингококктың бірнеше серотиптері бар (А, В, С, D, X, Y, Z және т.б.). Алайда Қазақстанда менингококк инфекциясының көптеген жағдайлары А, В, С және Y серотиптерінен болады. Менингококк инфекциясы тасымалдаушының тыныс алу жолдарынан секреция тамшылары арқылы беріледі.

Менингококк инфекциясы әр түрлі клиникалық көріністермен жүреді — асимптоматикалық және назофарингиттен жалпыланған формаларға дейін (іріңді менингит, менингоэнцефалит және әртүрлі органдар мен жүйелер зақымданған менингококцемиа).

Вакцина аталған серотиптерден туындаған менингококк инфекциясының бактериялық түрлерінен қорғайды. А, С, W-135, Y серотиптеріне қарсы әсерсіздендірілген вакцинаны нәрестелерге 6-12 айлығынан бастап қолдануға болады. Мұндай жағдайда балаға ауруға қарсы иммунитет қалыптастыру үшін үш доза қажет.

Егер вакцина 1 жастан асқан балаларға, жасөспірімдер мен ересектерге қолданылса, онда вакцинаның 1 дозасы жеткілікті. Жекелеген тұлғаларға вакцинаның басқа дозасымен ревакцинация жасау ұсынылуы мүмкін. В серотипіне қарсы рекомбинантты вакцина 10 жастан асқан балаларға және ересектерге қолданылады. Толық вакцинация 6 ай аралықпен енгізілетін екі дозадан тұрады.

Вакциналар мен олардан қорғайтын аурулар туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз:

egu.kz